

**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 8)**

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	«IX–XV ғғ. Шығыс Дешті Қыпшақтың тарихи географиясы (араб деректері бойынша)» атты монографияны баспадан шығару.	Беттер саны: 272 бет + мұқаба. Форматы: 162x245/16 мм (қатты мұқаба). Мұқаба: 2 мм түптеу картоны. Қаптау: рафлатак 190 г/м ² , баспа – 0, маталы припресс. Ішкі блок: 80 г офсет қағазы, баспа – 272 бет. Форзац/нахзац: 150 г офсет қағазы, баспа – 0. Қосымша: Қаптау, астарлау, мұқабаны құрастыру, жіппен түптеу, каптал, термоклеймен жабыстыру, 5 мм ақ ляссе.	500
2	«Орталық Азияның тарихи топонимдерінің географиялық негіздері.» атты монографияны баспадан шығару.	Беттер саны: 256 бет + мұқаба. Форматы: 162x245/16 мм (қатты мұқаба). Мұқаба: 2 мм түптеу картоны. Қаптау: рафлатак 150 г/м ² , баспа – 0, маталы припресс. Ішкі блок: 80 г офсет қағазы, баспа – 256 бет. Форзац/нахзац: 190 г офсет қағазы, баспа – 0 Қосымша: Қаптау, астарлау, мұқабаны жинау, жіппен түптеу, каптал, термоклеймен жабыстыру, 5 мм ақ ляссе.	300
3	«Позднесредневековые города и поселения Казахстана (очерки исторической географии Центральной Азии)» атты монографияны баспадан шығару.	Беттер саны: 240 бет + мұқаба. Форматы: 162x245/16 мм (қатты мұқаба). Мұқаба: 2 мм түптеу картоны. Қаптау: рафлатак 150 г/м ² , баспа – 0, маталы припресс. Ішкі блок: 80 г офсет қағазы, баспа – 240 бет. Форзац/нахзац: 190 г офсет қағазы, баспа – 0. Қосымша: Қаптау, астарлау, мұқабаны жинау, жіппен түптеу, каптал, термоклеймен жабыстыру, 5 мм ақ ляссе.	500
4	Конференция жинағын баспадан шығару.	Беттер саны: 350 бет + мұқаба. Форматы: 162x245 мм (жұмсақ мұқаба). Мұқаба: 300 г/м ² жұмсақ қағаз. Баспа – 0, маталы припресс. Ішкі блок: 80 г офсет қағазы, баспа – 350 бет. Қосымша: Жіппен түптеу, термоклеймен жабыстыру	300
5	«Historical Geography of Qazaqia and Central Asia between 18th-19th Centuries» атты монографияны баспадан шығару.	Беттер саны: 240 бет + мұқаба. Форматы: 145x220/16 мм (қатты мұқаба). Мұқаба: 2 мм түптеу картоны. Қаптау: рафлатак 150 г/м ² , баспа – 0, маталы припресс. Ішкі блок: 80 г офсет қағазы, баспа – 240 бет. Форзац/нахзац: 150 г офсет қағазы, баспа – 0. Қосымша: Қаптау, астарлау, мұқабаны жинау, жіппен түптеу, каптал, термоклеймен жабыстыру, 5 мм ақ ляссе.	300
6	Атлас баспадан шығару.	Беттер саны: 448 бет + мұқаба. Форматы: 240x320 мм. Мұқаба: баспа – 4+0, қағаз – рафлатак 190 г/м ² , припресс – 1+0 маталы, таңдаулы лак – 1+0. Ішкі беттер: 130 г жылтыр қағаз, баспа – 4+4. Қосымша: блок жіппен түптеледі, қатты мұқаба.	500
Барлығы			2600

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және қызмет көрсету шарттары

Қызмет көрсету құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызмет көрсетуге байланысты барлық ықтимал шығындарды, соның ішінде іссапарлық, көлік, логистикалық және өзге де шығыстарды қамти отырып көрсетіледі.

Егер көрсетілетін қызметтің ерекшелігі қосымша жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуді талап етсе, қызмет көрсету құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер** енгізілуі тиіс. Оларға, соның ішінде, орнату, баптау, тапсырыс берушінің персоналын оқыту, әдістемелік материалдар ұсыну және нәтижені тиімді пайдалану үшін қажет болған жағдайда кейінгі консультациялық қолдау кіреді.

Қызмет сапасына және сәйкестігіне қойылатын талаптар

Орындаушы қызметтерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толық сәйкестікте, сондай-ақ санитариялық, экологиялық, техникалық және өзге де міндетті нормативтік талаптарды сақтай отырып көрсетуге міндетті.

Қызметтер техникалық тапсырмада белгіленген талаптарға, көлемге, мерзімдерге және сапа көрсеткіштеріне сәйкес көрсетілуі тиіс. Қызмет көрсету нәтижелері белгіленген талаптарға сәйкес келіп, тапсырыс беруші тарапынан практикалық тұрғыда пайдалануға дайын болуы қажет.

Кепілдік міндеттемелері және сүйемелдеу

Орындаушы қызмет көрсету барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді кепілдік кезеңі ішінде өз есебінен жоюға міндетті. Қажет болған жағдайда орындаушы қызмет көрсету нәтижелерін тапсырыс беруші қабылдаған сәттен бастап кемінде 12 (он екі) ай ішінде консультациялық қолдау мен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлем мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Тапсырыс беруші орындаушыдан аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған орындаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Қызмет көрсету мерзімі

Қызметтер келісімшартта белгіленген мерзімде, бірақ келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей көрсетілуі тиіс.